

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 1)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Декальцинация аппараты	Ультрадыбыстық декальцинация технологиясы кальций фосфаты, магний фосфаты және кальций карбонаты сияқты кристалды құрылымдарды жылдам бұзуға мүмкіндік береді. Арнайы ерітінділермен бірге қолданылған жағдайда аппарат жасушалардың құрылымдық тұтастығын барынша сақтайды. Барлық диффузиялық процестер бұл технологияны пайдалану кезінде айтарлықтай жеделдейді. Негізгі артықшылықтары: Декальцинация, фиксация және аралық жуу процестері әлдеқайда жылдам орындалады. Сүйек кемігі мен мұрын/құлақ шеміршегінің биопсиясы үшін декальцинация уақыты 75%-ға дейін қысқарады. Кортикальды тін үшін уақыт 40–60%-ға дейін үнемделеді. Қосымша ерекшелігі: үлгілерді +17 °C температурада салқындату декальцинациялық ерітіндімен жүретін химиялық реакция нәтижесінде олардың қызып кетуін болдырмайды. Бұл морфологиялық құрылымдардың және үлгілердің антигендік қасиеттерінің 100% сақталуын қамтамасыз етеді. Үлгілерде шөгу немесе ісіну артефакттары болмайды, сондықтан оларға барлық келесі гистологиялық және иммуногистохимиялық әдістерді қолдануға болады. Аксессуарлар: Аппарат үлгілерге арналған әртүрлі контейнерлік салымдармен жабдықталады. Үлгінің көлеміне байланысты пайдаланушы 4, 9 немесе 49 контейнерлі салымдарды тандай алады. Бір партияды бір уақытта 49 үлгіге дейін өңдеуге мүмкіндік бар. Техникалық сипаттамалары Процесс таймері: 1 минуттан 100 сағатқа дейін Апталық таймер: белгілі бір күнге арналған 3 жеке бағдарламаны орнатып, автоматты түрде қосу және өшіру мүмкіндігі Ультрадыбыстық қуат: 200 Вт Салқындату қуаты: 200 Вт Ванның көлемі: 13,5 л Габариттері (Е × Т × Б): 450 × 600 × 350 мм Температураны бақылау: цифрлық дисплейі бар электронды контроллер Температура диапазоны: +16 °C – +28 °C Салмағы: 28 кг Электрмен жабдықтау: 115–230 В / 50/60 Гц / 400 VA Қосымша аксессуарлар мен жинақтаушы бөлшектер Үлгіге арналған салымдарға арналған қақпақ Үлгіге арналған №1 салым (4 үлгіге арналған шыны стакандар жиынтығымен)	1


	№1 салымға арналған шыны стакан: көлемі шамамен 800 мл, үлгінің ең үлкен көлемі – 250 см³ Үлгіге арналған №2 салым (9 үлгіге арналған шыны стакандар жиынтығымен) №2 салымға арналған шыны стакан: көлемі шамамен 150 мл, үлгінің ең үлкен көлемі – 40 см³ Үлгіге арналған №3 салым (49 үлгіге арналған пластик стакандар жиынтығымен) №3 салымға арналған пластик стакан: көлемі шамамен 20 мл, үлгінің ең үлкен көлемі – 5 см³	
Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.

